

Құқық бұзушылықтан әлеуметтік сақтандыру Кеңесін құру туралы

Күшін жойған

Май аудандық әкімшілігінің 2003 жылғы 17 қазандағы N 152/15 қаулысы. Павлодар облысының Әділет басқармасында 2003 жылғы 24 қарашада N 2113 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Май аудандық әкімдігінің 2012 жылғы 28 ақпандағы N 63/2 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Май аудандық әкімдігінің 28.02.2012 N 63/2 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылдың 23 қаңтарындағы N 148-ІІ " Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 31 бабы, 1 тармағы, 17 тармақшасына сәйкес құқық бұзушылықтың алдын алу үшін мемлекеттік органдардың бірігіп іс-қимыл жасауын ұйымдастыру мақсатында аудан әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Құқық бұзушылықтан әлеуметтік сақтандыру Кеңесі құрылып, заңнамаға сәйкес құрамы аудандық мәслихатқа бекітуіне ұсынылсын.
2. Кеңестің ережесі бекітілсін.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А.Закирьяновқа жүктелсін.

Аудан әкімі

А у д а н ә к і м і н і ң
2 0 0 3 ж ы л ғ ы " 1 7 " қ а з а н д а ғ ы
"Құқық бұзушылықтан әлеуметтік
сақтандыру Кеңесін құру туралы»
N 152/15 қаулысымен бекітілген

Құқық бұзушылықтан әлеуметтік сақтандыру Кеңесінің ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

1. Әлеуметтік сақтандыру Кеңесі (бұдан әрі Кеңес) - құқық бұзушылықтан қоғамға жат көріністен сақтандыру мәселесіне мүдделі мемлекеттік органдардың бірігіп іс-әрекет жасауын ұйымдастыру мақсатында құрылатын тұрақты әрекеттегі үйлестіруші орган.

2. Кеңестер қызметінің құқықтық негізі қазақстан Республикасының

Конституциясы, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, Қазақстан Республикасының басқа нормативтік-құқықтық актілері және осы ереже болып табылады.

3. Кеңес өз қызметі бойынша жергілікті атқарушы органдардың алдында жауапты. Аудандық Кеңес аудандық атқару органына, сол сияқты жоғары тұрған Кеңеске есеп береді. Селолық округ Кеңесі жоғары тұрған Кеңестерге және аудандық атқару органдарына есеп береді.

2. Әлеуметтік сақтандыру Кеңесінің құрылуы және құрылымы

4. Аудандық Кеңес құру туралы шешімге сәйкес жергілікті атқарушы орган - әкімдік қабылдайды. Кеңестің дербес құрамы әкімнің шешімімен бекітіледі.

5. Кеңесті төраға аудан әкімінің орынбасары басқарады. Аудандық ішкі істер бөлімі бастығының орынбасары төрағаның орынбасары болады.

6. Кеңестің тұрақты мүшелері аймақтық әлеуметтік салалары мәселелерін қадағалайтын білім беру, денсаулық сақтау, еңбек және тұрғындарды әлеуметтік қорғау, мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім, экономика және бюджеттік жоспарлау, қаржымен қамтамасыз ету органдары басшыларының орынбасарлары, қоғамдық бірлестіктер мен діни конфессиялардың өкілдері, сол сияқты әскери басқару органдарының өкілдері.

7. Кеңес хатшысы - әкімдік аппаратындағы тұрақты штаттық лауазым.

Селолық округ деңгейінде әлеуметтік сақтандыру Кеңесі төрағасының қызметін сол округтің әкімі атқарады, ал оның тұрақты мүшелері ішкі істер (полицияның учаскелік инспекторлары), білім беру (жалпы білім беретін оқу орындарының, орта мектеп директорлары), денсаулық сақтау (учаскелік дәрігерлер), еңбек және тұрғындарды әлеуметтік қорғау (әлеуметтік қызметкерлер) болып табылады. Селолық округтегі Кеңес құру туралы шешімді аудан әкімдігі қабылдайды, ал дербес құрамын сол ауданның әкімі бекітеді.

3. Әлеуметтік сақтандыру Кеңесінің мақсаттары мен міндеттері

8. Кеңестің негізгі мақсаттары:

1) құқық бұзушылық пен қоғамға жат көріністерден сақтандыруға қатысушы мемлекеттік органдар мен мекемелердің қызметтерін үйлестіру;

2) бас бостандығынан айыру орындарынан, емдеу-сақтандыру және оқыту-тәрбиелеу мекемелерінен келген, тұратын орындарынан, туыстық және әлеуметтік байланыстарынан айырылған тұлғаларды әлеуметтік бейімдеу бойынша мүдделі органдардың бірігіп іс-қимыл жасауын ұйымдастыру;

3) тұрғындар арасында құқықтық тәртіп жағдайы және құқық бұзушылық пен қоғамға жат көріністерден сақтандыру жөнінде қолданған шаралар туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізуге бұқаралық ақпарат құралдарын тарту;

4) қылмыстан, құқық бұзудан сақтандыру және құқықтық тәртіпті нығайту мәселелері бойынша қоғамдық және діни бірлестіктермен, сол сияқты заңды және жеке тұлғалармен бірігіп іс-қимыл жасау.

4. Әлеуметтік сақтандыру Кеңесінің құзырлығы

9. Ауданның әлеуметтік сақтандыру Кеңесінің құзырына:

1) құқық бұзушылық, маскүнемдік пен алкоголизммен, нашақорлық пен токсикоманиядан сақтандырудың аймақтық бағдарламаларын ұйымдастыру және о р ы н д а л у ы н б а қ ы л а у ;

2) бас бостандығынан айыру органдарынан, арнаулы емдеу-сақтандыру және оқыту тәрбиелеу мекемелерінен келген, тұратын орнынан, жұмысынан туыстық және әлеуметтік байланыстарынан айырылған азаматтардың еңбек және сол сияқты алкоголизммен, тұрмыстық орналасуын, басқа мәселелерін шешуге ықпал етуге, нашақорлық пен токсикоманиямен ауыратын тұлғалардың медициналық- әлеуметтік сауықтырылуын қамтамасыз етуге шара қолдануға мүдделі органдар мен мекемелердің бірігіп іс-қимыл жасауын ұйымдастыру;

3) алкоголизммен, нашақорлықпен және токсикоманиямен ауыратын адамдарға медициналық түрдегі мәжбүр ету шараларын қолдану мәселелері бойынша денсаулық сақтау органдарына өтініш жасау;

4) салауатты өмір салтын насихаттауды ұйымдастыру және халықтың құқықтық келеңсіз салдарлары туралы азаматтарды ақпараттандыру;

5) құқық бұзу мен қоғамға жат көріністерден сақтандыруға қатысушы әлеуметтік инфрақұрылым мекемелеріне тәжірибелік және әдістемелік көмек к ө р с е т у ;

6) ішкі істер, денсаулық сақтау, білім беру, еңбек және тұрғындарды әлеуметтік қорғау органдарында сәйкес есепте тұрған тұлғаларға қатысты жеке әлеуметтік сақтандыру жұмысын жүргізуді ұйымдастыру жатады.

10. Селолық округтердің әлеуметтік сақтандыру Кеңесінің құзырына:

1) ішкі істер, денсаулық сақтау, білім беру, еңбек және тұрғындарды әлеуметтік қорғау органдарында сәйкес есепте тұрған тұлғаларға қатысты жеке әлеуметтік сақтандыру жұмысын жүргізу;

2) азаматтардың арыздарын, өтініштерін қарау, олардың құқығы мен бостандығын қорғау жөнінде шаралар қолдану;

3) алкоголизммен, нашақорлықпен және токсикоманиямен ауыратын тұлғаларға медициналық түрдегі мәжбүр ету шараларын қолдану мәселелері

бойынша денсаулық сақтау органдарына өтініш жасау;

4) әкімшілік құқық бұзушылыққа жатпайтын, бірақ адамгершілік пен рухани ізгілікке сәйкес келмейтін(спирттік ішімдіктер ішу, қайыр сұрау, қаңғыбастық, жезөкшелік және тағы басқалар) жағымсыз әрекеттер туралы істерді қарау;

5) әр түрлі себептермен ата-аналарының немесе олардың орнын басушы адамдардың қамқорынсыз қалған, не болмаса берекесіз отбасында тұрып жатқан кәмелетке жасы толмағандардың құқықтары мен мүдделерін қорғау жөніндегі қорғаншылық пен қамқоршылық органдарының қызметтерін орындау жатады.

5. Әлеуметтік сақтандыру Кеңесінің жұмысын ұйымдастыру

11. Кеңес өз қызметін аудан әкімі бекіткен жыл сайынғы жоспар негізінде, қаралатын мәселелерге байланысты прокуратура қызметкерлері құқық бұзу мен қоғамға жат көріністерден әлеуметтік сақтандыруға қатысушы мекеме, ұйымдар басшылары, сол сияқты қоғамдық бірлестіктер өкілдері шақырылуы мүмкін жұмысшы отырыстар түрінде жүзеге асырады. Ауданның әлеуметтік сақтандыру Кеңесінің отырысы айына бір рет өткізіледі. қажеттілігінде кезексіз отырыс әкімнің, Кеңес төрағасының немесе оның мүшелерінің елу пайызынан артығының бастамасы бойынша өткізілуі мүмкін.

12. Кеңес хатшысы отырыстың өткізілу дайындығын қамтамасыз етеді, әкімдіктің мүдделі мемлекеттік органдар мен көпшіліктің ұсынысы негізінде қарауға ұйғарылған мәселелер тізбесін қалыптастырады, хаттама жүргізеді, қабылданған шешімдердің атқару барысы туралы есеп дайындайды.

13. Әр отырыстың қорытындысы бойынша Кеңес атқарушы органдар мен олардың құрылымдық бөлімшелері үшін ұсыныс түріндегі шешім қабылдайды. Жалпы міндетті маңыздылығы бар немесе азаматтардың құқықтарына, бостандығына және міндеттеріне қатысты шешім қабылдау қажеттілігі жағдайында, кеңес белгіленген заң тәртібінде аудан әкімі бекіткен және ресми жариялау мен аумақтың әділет органдарында мемлекеттік тіркеуге жататын нормативтік құқықтық акті жобасын әзірлейді.

14. Кеңес актілерінің ықпалы белгіленген заңды тәртіппен тоқтатылуы немесе өзгертілуі мүмкін.